

Рауандина Р.З., Кабдуллаева Н.Т., Есекеева С.М., Сариева А.А.,

Аймуханова А.Б.

Қазақстан, Қарағанды қ. №27 ЖББ мектебі

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне айналып отырған аутизм сипаттамалары біздің мақаламызға арқау болып отыр. Мартин Лютердің жазбаларында аутизмнің ауыр түрінен зардап шегетін 12 жасар ұл бала жайлы естеліктер келтіріледі. Мартин Лютердің «Аверондық жабайы бала» атты жазбасында балада аутизмнің белгілері байқалған. XVIII ғасырларда Франция ормандарын мекендеген 12 жас шамасындағы Маугли атты бала 1798 жылы адамдар ортасына түсті. Имитация арқылы балаға әлеуметтік дағды мен сөйлеу тілін үйретудің арнайы бағдарламасын студент медик Жан Итар дайындап, баланы өз қамқорлығына алады.

«Autismus» терминін шизофренияның симптомдарын сипаттау кезінде 1910 жылы швейцар психиатры Энгельн Блейлер ашқан. «Қалыптан тыс намысқорлық» деген мағынаны білдіретін неолатинизмнің негізіне ол αὐτός – «өзім» деген грек сөзін қойып, «кез-келген сыртқы әсерлер төзімсіз беймазалық болып қабылданатын, науқастың өзіндік қиял әлеміне аутистік кетуі» екенін көрсетуді көздеді.

«Аутизм» термині заманауи мағынаға 1938 жылы ие болды. Веналық университеттік госпиталінен Ганс Аспергер неміс тіліндегі балалар психологиясы бойынша дәрістерінде Блейлердің «аутистичные психопаты» терминін қолданды. Аспергер кейіннен «Аспергер синдромы» деген атқа ие болған аутистік спектр бұзылыстарының бірін зерттеді. Бірақ себептер салдарынан дербес диагноз ретінде тек 1981 жылы ғана кең мойындауға ие болды. Джон Хопкинсон госпиталінде жұмыс істеуші Лео Каннер ағылшын тіліне «аутизм» сөзінің жаңа мағынасын енгізді. 1943 жылы 11 баланың мінез – құлық ерекшеліктеріндегі керемет ұқсастықты сипаттауда «ерте жастағы балалар аутизмі» деген сөз тіркестерін қолданды.

Қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың белсенді танымдық қызығушылықтары, оның өмірінің алты айлық кезінен байқала бастайды. Дәл сол кезде, ерте жастағы аутизмі бар балалар мінезіндегі енжарлық, селқостық тәрізді өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Оларға селқостық пен әрекетсіздік тән, тіпті, ойыншықтарға еш қызықпайды. Керісінше, басқа сипаттағы жоғары белсенділік байқалады: сенсорлық қабылданатын заттардың қасиеттері қызықтырады (дыбыс, түс, қозғалыс). Балаларға манипуляция жасау, стереотипті қайталама сипатқа ие. Балалар

қолдарына іліккен заттарды аударып-төңкеріп қарауға тырыспайды т.б. Затты қарау, оның қасиеттерімен танысуда, басқа адамдар пайдаланатын жалпыға ортақ, таныс әдістер оларға қызық емес. Осыған байланысты, аутистік спектрі бұзылған балалар өзіне-өзі қызмет ету әрекеттері өте баяу қалыптасады, қалыптасқан күннің өзінде, өзгелердің араласқанын қаламайды, бірден қарсылық көрсетеді.

Ерте жастағы балалар аутизмі бар балаларға ойыншықты қажетсінбеу белгісі тән. Балалар ойыншықты ешқандай қызығушылықсыз қарайды, манипуляция жасауға ұмтылмайды. Әсіресе ойында пайдаланбайтын, бірақ сенсорлық әсер беретін (көру, есту, иіс сезу) бөгде заттармен айналысудан, қанағат табады. Мұндай балалардың ойындары, коммуникативті сипатта емес, олар өз беттерімен, жалғыз, бөлектеніп ойнағанды қалайды. Басқа балаларды назардан тыс қалдырады, кей жағдайда өз ойынының нәтижесін көрсету мүмкін. Рөлдік ойындары тұрақсыз, ретсіз әрекеттермен немесе рөлдерді импульсивті түрде алмастыра берумен үзіле береді. Ойын барысында, аутодиолог болуы мүмкін (өзімен-өзі сөйлесу). Кейде, бала өзін басқа адамдар, жануарлар, заттар кейпінде көрсететін, қиял-ойындар ойнайды. Бұл категориядағы балалардың манипуляциялық ойындары, тек ересектеу жасқа келгенде орнығады.

Кез келген ерікті әрекет, оның мақсатына сәйкес, балалардың мінез-құлқын реттейді. Оларға алған әсерлерінен, заттардың оң және теріс сипаттарынан назарларын кері аудару қиынға соғады. Яғни, бала жағымды немесе жағымсыз әсер беретін нәрселерден, бірден арыла алмайды.

Даму бұзылуының ауырлық деңгейіне қарай, ерте жастағы аутизмі бар бала инклюзивті білім беру аясында жеке оқыту бағдарламасымен, жалпы білім беретін мектеп бағдарламасымен оқи алады. Оқу әрекетінде, бағдарламаны толық меңгереді. Дегенмен, мектепте де ұжымға қосылмайды, жалғыз болғанды қалайды, яғни, бұрынғы қалыптасқан бөлектену күйі жалғасады. Көп жағдайда достары жоқ, қарым-қатынас жасауға ұмтылмайды.

Ал көңіл – күйі толқымалы, біртіндеп санасында мектеппен байланысты пайда болған, жаңа үрейлер орын алады. Оқу әрекеті әдетте, үлкен қиындықтар туғызады, мұғалімдер баланың сабақтағы енжарлығы мен зейінсіздігін айтады. Үйде үй тапсырмасын, тек ата-анасының бақылауымен ғана орындайды, тез жалығады, қызығушылығы бірден жоғалады т.б.

Жеке бас ерекшеліктеріне қарай мектеп жасында олардың шығармашылық әрекетке деген ұмтылыстары күшейеді. Өз беттерімен өлең шығару, әңгіме, хикая жазу, суреттер салу сияқты әрекеттері жиі кездеседі, барлығында өзі басты кейіпкердің рөлін атқарады. Өзін тыңдайтын және қиялына кедергі жасамайтын, ересек адамдарға жақын бола

бастайды. Әдетте, бұл таныс емес, кездейсоқ адамдар болуы мүмкін. Бірақ, бұрынғыша, белсенді қарым-қатынас қажеттілігі болмайды.

Ал ойлау қабілеті ерікті оқудағы орасан зор қиындықтарды жеңе білумен және пайда болған мәселелерді мақсатты түрде шеше білумен байланысты дамины. Көптеген мамандар олардағы белгіге айналдыра білудің, белгілі бір ситуацияларда қолдана білудің қиындығын айтады. Аутизмі бар балаларға ситуацияның уақытқа қатысты дамуы мен қатынастың себеп – салдары байланысын ұғыну өте қиын. Көптеген аутизмі бар балалар стереотиптік ситуациялар шеңберінде топтау, жалпылау мүмкіндігіне ие ойындық символдарды пайдаланады, іс-әрекет жоспарын құра алады. Бірақ, олар ақпаратты белсенді түрде қорытуға дәрменсіз, үнемі өзгеріп тұратын қоршаған орта жағдайларына орай өз қабілеттерін бейімдеп, белсенді пайдалана алмайды.

Сонымен қорытындылай келе, ерте жастағы аутизмі бар балалардың бірқатар психологиялық қабілеттері мен жеке бас ерекшеліктерін саралай келе, оқыту дамыту жұмыстарын неғұрлым ерте бастау мен жан-жақты дамыта білу соғұрлым нәтижеге жетелейді. Себебі әр сабақ баланың әр қырын ашу мүмкін. Әр әрекеті мен қозғалысын ерекшелік ретінде бағалап, өмірінің әр сәтін пайдалы өткізуін қадағалау біздің қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 М. Жантелинова «Психолог маманның ерте аутизмі бар балалармен жүргізілетін жұмыстары», №4, 2012, Дефектология
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
- 3 Уксукпаева А. Аутизмге шалдыққан балаларға жүргізілетін ойын терапиясының маңыздылығы, Дефектология №3, 2012
- 4 Башина В.М. Аутизм в детстве. – Москва: Медицина, 2002
- 5 Лебединская К.С., Никольская О.С. Диагностика раннего детского аутизма. – Москва: Просвещение, 2001